

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне меншік құқығын қорғауды күшейту, шарттық міндеттемелерді қорғауды кепілдендіру және оларды бұзғаны үшін жауапкершілікті қатаңдату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1994 жылғы 27 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі қабылдаған Қазақстан Республикасының [Азаматтық кодексіне](#) (Жалпы бөлім) (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., № 23-24 (қосымша); 1995 ж., № 15-16, 109-құжат; № 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 2, 187-құжат; № 14, 274-құжат; № 19, 370-құжат; 1997 ж., № 1-2, 8-құжат; № 5, 55-құжат; № 12, 183, 184-құжаттар; № 13-14, 195, 205-құжаттар; 1998 ж., № 2-3, 23-құжат; № 5-6, 50-құжат; № 11-12, 178-құжат; № 17-18, 224, 225-құжаттар; № 23, 429-құжат; 1999 ж., № 20, 727, 731-құжаттар; № 23, 916-құжат; 2000 ж., № 18, 336-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 1, 7-құжат; № 8, 52-құжат; № 17-18, 240-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 2, 17-құжат; № 10, 102-құжат; 2003 ж., № 1-2, 3-құжат; № 11, 56, 57, 66-құжаттар; № 15, 139-құжат; № 19-20, 146-құжат; 2004 ж., № 6, 42-құжат; № 10, 56-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 10, 31-құжат; № 14, 58-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 1, 4-құжат; № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 8, 45-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; № 13, 85-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20, 21-құжаттар; № 4, 28-құжат; № 16, 131-құжат; № 18, 143-құжат; № 20, 153-құжат; 2008 ж., № 12, 52-құжат; № 13-14, 58-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114, 115-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 7, 16, 18-құжаттар; № 8, 44-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 125, 134-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 7, 28-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2011 ж., № 2, 21, 28-құжаттар; № 3, 32-құжат; № 4, 37-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 16, 129-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 13, 15-құжаттар; № 6, 43-құжат; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 11, 80-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 7, 36-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 14, 72-құжат; № 15, 76-құжат; 2014 ж., № 4-5, 24-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 61, 63-құжаттар; № 14, 84-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 7, 34-құжат; № 8, 42, 45-құжаттар):

1) [261-баптың](#) 1 және 2-тармақтарындағы «тегін алынып», «тегін алынса» деген сөздер тиісінше «өтеулі түрде алынып», «өтеусіз түрде алынса» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) **267-баптың** 2-тармағының екінші бөлігіндегі «Аталған құжаттарды шығару», «залал», «толық көлемінде өтелуге тиіс» деген сөздер тиісінше «Көрсетілген актілерді басып шығару», «залалдар осы Кодекстің 922-бабы 1-тармағының қағидаларына сәйкес», «толық көлемде өтеуіне жатады» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) **317-баптың** 2-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Бір мезгілде мынадай жағдайлар болған кезде:

1) орындалмаған міндеттеменің сомасы (тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) есепке алынбастан) тараптар кепіл туралы шартта айқындаған, кепілге салынған мүлік құнының он пайызынан кемін құрағанда;

2) кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алу кезеңі үш айдан кем болғанда, кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемені бұзу өте болмашы және кепіл ұстаушы талаптарының мөлшері кепілге салынған мүліктің құнына анық мөлшерлес емес болып табылады.»;

4) **321-баптың** 2-тармағының 3-тармақшасындағы «ережелерді», «бұзған жағдайда кепілге салынған нәрседен ақы өндіріп алуға құқылы.» деген сөздер тиісінше «қағидаларды», «бұзған;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

«4) кепіл беруші кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемені бұзған (осы Кодекстің 317, 720 және 722-баптары, «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» 1995 жылғы 23 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы) жағдайда кепіл нысанасына өндіріп алуды қолдануға құқылы.».

2. 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының **Азаматтық кодексіне** (Ерекше бөлім) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 16-17, 642-құжат; № 23, 929-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 10, 244-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 23, 309-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 10, 102-құжат; 2003 ж., № 1-2, 7-құжат; № 4, 25-құжат; № 11, 56-құжат; № 14, 103-құжат; № 15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж., № 3-4, 16-құжат; № 5, 25-құжат; № 6, 42-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 4, 24, 25-құжаттар; № 8, 45-құжат; № 11, 55-құжат; № 13, 85-құжат; 2007 ж., № 3, 21-құжат; № 4, 28-құжат; № 5-6, 37-құжат; № 8, 52-құжат; № 9, 67-құжат; № 12, 88-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16-құжат; № 9-10, 48-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 3-4, 12-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50, 53-құжаттар; № 16, 129-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 13, 14, 15-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 12, 85-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 92-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 4, 21-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 15, 82-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 4-5, 24-құжат; № 11, 61, 69-құжаттар; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 7, 34-құжат; № 8, 42, 45-құжаттар):

722-баптың 3 және 4-тармақтары «талап етуге» деген сөздерден кейін «, сондай-ақ кепілге салынған мүлікке өндіріп алуды қолдану арқылы өздерінің

талаптарын қанағаттандыруға (осы Кодекстің 321-бабы 2-тармағының 4) тармақшасы)» деген сөздермен толықтырылсын.

3. «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының **Заңына** (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 15-16, 106-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 2, 184-құжат; № 15, 281-құжат; № 19, 370-құжат; 1997 ж., № 5, 58-құжат; № 13-14, 205-құжат; № 22, 333-құжат; 1998 ж., № 11-12, 176-құжат; № 17-18, 224-құжат; 1999 ж., № 20, 727-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 8, 52-құжат; № 9, 86-құжат; 2002 ж., № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 5, 31-құжат; № 10, 51-құжат; № 11, 56, 67-құжаттар; № 15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж., № 11-12, 66-құжат; № 15, 86-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 140-құжат; 2005 ж., № 7-8, 24-құжат; № 14, 55, 58-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 8, 45-құжат; № 11, 55-құжат; № 16, 99-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 4, 28, 33-құжаттар; 2008 ж., № 17-18, 72-құжат; № 20, 88-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16, 18, 21-құжаттар; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; № 17-18, 111-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 116-құжат; № 14, 117-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 15-құжат; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 13, 91-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат; № 15, 76-құжат; 2014 ж. № 1, 9-құжат; № 4-5, 24-құжат; № 6, 27-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 61-құжат; № 12, 82-құжат; № 19-I, 19-II, 94, 96-құжаттар; № 21, 122-құжат; № 22, 131-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 8, 45-құжат):

34-бапта:

2-тармақ мынадай мазмұндағы екінші, үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын:

«Банктік қарыз шартының міндетті талаптарының тізбесімен, атап айтқанда қарыз алушы - жеке тұлғаға арналған жадынама нысаны белгіленеді.

Қарыз алушы - жеке тұлғаға арналған жадынамада қарыздың жалпы сомасы мен валютасы, қарыз мерзімі, қарыз бойынша төлемдер саны, сыйақы мөлшерлемесінің түрі (тіркелген немесе құбылмалы), жылдық пайыздардағы және анық, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеудегі сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері, қарыз бойынша өтеуге қатысты жалпы сома, сыйақының қорытынды сомасы, негізгі борыш уақтылы өтелмегені үшін тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) мен сыйақы мөлшері, сақтандыру шарттарын ұзарту мерзімі, банктік қарыз шартының талаптарына сәйкес айыппұлдардың, өсімпұлдардың өзге де түрлері қамтылады.

Қарыз алушы - жеке тұлғаға арналған жадынамаға банктік қарыз шартының әрбір тарапы қол қояды, банк мөрімен бекемделеді және банктік қарыз шартына қоса беріледі.»;

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

«2-1. Осы баптың 2-тармағының екінші, үшінші және төртінші бөліктерінің талаптары бір айдан аспайтын мерзімге берілген қарызға, кредиттік желі шеңберінде төлем карточкасы бойынша берілген қарызға, овердрафт кредитіне қолданылмайды.»

4. «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» 1995 жылғы 23 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының **Заңына** (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 24, 165-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 13-14, 205-құжат; 2000 ж., № 18, 336-құжат; 2003 ж., № 11, 67-құжат; 2005 ж., № 23, 104-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 4, 28-құжат; № 18, 143-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 13, 91-құжат; № 20, 121-құжат; 2013 ж., № 14, 72-құжат; 2014 ж., № 11, 61-құжат; 2015 ж., № 8, 45-құжат):

20-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«20-бап. Ипотеканы өткізу негізі мен тәсілдері

1. Борышкер өзі жауап беретін, ипотекамен қамтамасыз етілген міндеттемені орындамаған жағдайда, кепіл ұстаушының талаптарын қанағаттандыру үшін кепілге салынған мүлікке өндіріп алу қолданылуы мүмкін.

2. Кепіл ұстаушы өз талаптарын:

1) ипотеканы сот тәртібімен өткізу;

2) егер бұл Қазақстан Республикасының заңдарында не ипотека шартында немесе тараптардың кейінгі келісімінде көзделген болса, ипотеканы сот тәртібінен тыс өткізу;

3) осы Заңның 32-бабына сәйкес сауда-саттық өткізілмеді деп жарияланған жағдайда, кепілге салынған мүлікті өз меншігіне айналдыру арқылы қанағаттандыруға құқылы.»

5. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы жүйесінің тұрақтылығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2008 жылғы 23 қазандағы Қазақстан Республикасының **Заңына** (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 17-18, 72-құжат):

2-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы-банк 2007 жылғы 1 қаңтардан бастап 2012 жылғы 1 қаңтарға дейінгі кезеңде мәжбүрлеп таратылған жағдайда, депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым депозиторларға - жеке тұлғаларға кепілдік берілетін депозиттер бойынша кепілдік берілген өтемақыны депозит бойынша есебіне жазылған сыйақысыз депозит бойынша қалдық сомасында, бірақ бес миллион теңгеден аспайтын сомада төлейді.»

2-бап.

1. Осы Заң алғашқы ресми **жарияланған** күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2. Депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап он төрт жұмыс күні ішінде Қазақстан

Республикасының бүкіл аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында кепілдік берілген өтемақыны төлеуді жүзеге асыратын банк-агенттің (не банк-агентті таңдау мүмкін болмаған жағдайда Ұлттық пошта операторының) атауын көрсете отырып, кепілдік берілген өтемақы төлеудің басталғаны туралы, төлеу кезеңі мен орны (орындары) туралы не кепілдік берілген өтемақы төлеуді бастау мерзімінің кейінге қалдырылғаны туралы ақпаратты қазақ және орыс тілдерінде жариялауға міндетті.

3. Мәжбүрлеп таратылатын қатысушы-банктің депозиторы кепілдік берілген өтемақы төлеудің басталғаны туралы хабарландыру шыққан күннен бастап алты ай ішінде банк-агентке өзіне кепілдік берілген өтемақыны төлеу туралы талаппен жүгінеді және:

1) депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым айқындаған нысан бойынша жазбаша өтінішті;

2) жеке басын куәландыратын құжатты;

3) мұрагер жүгінген жағдайда - өзінің мұраға құқығын немесе мұра берушінің ақшасын пайдалану құқығын растайтын құжаттарды;

4) депозитордың (мұрагердің) өкілі жүгінген жағдайда - нотариат куәландырған сенімхатты ұсынады.

Мәжбүрлеп таратылатын қатысушы-банкке депозитордың талап ету құқықтары расталған кезде банк-агент депозитор банк-агентке жүгінген күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей кепілдік берілген өтемақыны төлейді.

4. Осы Заңмен реттелмеген мәселелер «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» 2006 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының [Заңымен](#) реттеледі.

**Қазақстан Республикасының
Президенті**

Н. НАЗАРБАЕВ

Астана, Ақорда, 2015 жылғы шілденің 17-і.
№ 333-V